



031300, Мұғалжар ауданы, Ембі қаласы, Әйтеке би көшесі 21, ф 22-1-45; тел:22-6-45; e-mail:mushkata7sh
031300, Мугалжарский район, город Эмба, ул.Айтеке би 21, ф 22-1-45; тел: 22-6-45; e-mail:mushkata7sh

«07» қыркүйек 2022 жыл

№ 112 н.к

2022-2023 оқу жылы бойынша Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар №7 ЖББОМ КММ тәрбие жұмысын жоспарлау туралы

Бұйырамын:

1. Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар №7 жалпы орта мектебі бойынша мектеп оқушыларына тәрбие жұмысының 8 бағыты және төмендегі жобалар бойынша жұмыстар жоспарға сәйкес жүргізілсін.
 1. Қазақстандық патриотизм мен азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие.
 2. Рухани-адамгершілік тәрбие
 3. Ұлттық тәрбие
 4. Отбасы тәрбиесі
 5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
 6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
 7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі
 8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты тәрбиесі
 1. «Отбасы-орта мектеп»
 - 2.«Оқуға құштар мектеп»
 3. «Еңбек – елдің мұраты»
 4. «Үнем — қоғам қуаты»
 5. «Ерте жастан экологиялық мәдениет»,
 6. «Психологиялық қызмет және мектептегі татуласу қызметтерін ұйымдастыру»
2. Оқушыларға тәрбие жұмысының 8 бағыты мен жобаларды іске асыру үшін сынып жетекшілерге таныстырылсын және жоспар бойынша жұмыстарды орындау басшылыққа алынсын.
3. Тәрбие жұмысының 8 бағыты мен жобалар бойынша жұмыстар жоспарға сәйкес жүргізіліп, іс-қағаздары жинақталсын.
4. Тәрбие жұмысының 8 бағыты мен жобалар бойынша жұмыстарды бақылау мен басшылық жасау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.А.Ильсоваға жүктелсін.

Мектеп директоры:  А.Ж.Достанова



«Бекітемін»
Мектеп директоры:



А.Ж.Достанова

А.Ж.Достанова

***Ембі қаласының мектеп жанындағы
интернаты бар №7 ЖББОМ
2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие
жұмысының жылдық жоспары***

ДТДЖО: А.А.Ильясова

Мазмұны

Тәрбие жүйесінде басшылыққа алынатын құжаттар

1.	«Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы ; https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/ ;
2.	Қазақстан Республикасының Конституциясы; https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S1100000002 ;
3.	«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 26 желтоқсан 2011 жыл №518- IV Кодексі ✓ https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518 ;
4.	«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы /345 Заңы; https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt ;
5.	«Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы; https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt ;
6.	«Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 02 шілдедегі №169- VI Заңы; ✓ https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt ;
7.	«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы; ✓ https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319
8.	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы; ✓ https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt ;
9.	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері. ✓ https://nao.kz/
10.	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері https://nao.kz/

Өңірлік орталықтар қашықтықтан оқыту педагогтерінің жұмысы үшін қажетті материалдық-техникалық құралдармен жарақтандырылатын болады.

Бірінші жылы пилоттық жоба 6 өңірде енгізілетін болады. Бұл өңірлерде 3 өңірлік қашықтықтан оқыту орталығы ашылады.

2. ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

2.1 Білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын жүзеге асыру

Осы бөлімде орта білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын ұйымдастыруды реттейтін нормативтік құқықтық құжаттарды ескере отырып, жаңа оқу жылында тәрбие жұмысын ұйымдастырудың басым бағыттары қарастырылады. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру кезіндегі басымдықтар білім алушылардың әл-ауқатын қамтамасыз ету, баланың жеке басына құрмет пен сенім, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітушілікке жол бермеу болып табылады.



Назар аударыңыз!

✓ *Білім күні салтанатты жиын өткізіледі. Өткізу форматын білім беру ұйымы дербес айқындайды.*

✓ *1-11 сыныптарда 2022 жылдың 1 қыркүйегінде балалар жылына арналған «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және патриотизм» тақырыбында сынып сағаты, ашық сабақ өткізіледі.*

✓ *Сынып сағаты аясында мұғалімдерге білімге деген ұмтылыс, патриотизм және еңбекқорлық, сондай-ақ жаңа оқу жылында рухани құндылықтарды қалыптастыру мен дамыту туралы бірлескен талқылау ұйымдастыруға, достық қарым-қатынастың, жауапкершілік пен бір-біріне деген құрметтің маңыздылығын ашуға кеңес беріледі.*

2022-2023 оқу жылында тәрбие жұмысы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері шеңберінде іске асырылады, оның негізгі идеясы Абайдың «Толық адам» рухани мұрасында бейнеленген үйлесімді дамыған адамның ұлттық бейнесі болып танылады. «Толық адам» тұлғалық жекө қасиеттері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарында, Мемлекет басшысының «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» және «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» бағдарламалық мақалаларында және басқа да мемлекеттік тұжырымдамаларда айқындалған құндылықтар мен басымдықтарды жеке тұлғаны тәрбиелеудің бірегей жүйелік тәсілімен қамтамасыз ету үшін біріктіреді.

2022-2023 оқу жылының басталуына арналған **1 қыркүйек Білім күнін және «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық»** тақырыбында бірыңғай сынып сағатын өткізу **Тұжырымдамасы.**

Қыркүйектің бірінші күні білім беру ұйымдарында білім күніне арналған салтанатты жиын өтеді.

Өңірлік білім басқармалары жаңа 2022-2023 оқу жылын жариялайтын іс-шараның жоғары идеялық-құндылықтық мазмұнын қамтамасыз ету мақсатында қажетті іс-қимылдарды үйлестіреді.

Білім беру ұйымдары оған бүкіл мектеп қоғамдастығының қатысуын қамтамасыз етеді.

Салтанатты жиын және алғашқы сынып сағаты бұл мектепте жаңа оқу жылының ашылуына арналған әрі білім берудің адам өміріндегі маңызы мен рөлін айқындайтын іс-шаралар болып табылады.

Салтанатты жиынды өткізу түрін, қатысушылар құрамын білім беру ұйымдары дербес айқындайды.

Мемлекеттік туды алып шығу және гимнді орындау Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін пайдалану тәртібіне сәйкес жүргізіледі¹.

Салтанатты іс-шараның мақсаты: жаңа оқу жылының басталуы қарсаңында білім алушылардың бойында жағымды көңіл-күй, оң көзқарас қалыптастыру.

Міндеттері:

- қатысушыларды өткен оқу жылының жетістіктерінен хабардар ету;
- білім алушылардың бойында оқуға құштарлық пен білім алуға деген ұмтылысын қалыптастыру;
- білім алушылардың бойына отаншылдық, құрмет және азаматтық сана құндылықтарын дарыту;
- өзара құрмет пен түсіністікке негізделген мектеп мәдениетін қалыптастыру.

Салтанатты жиынға келесі өкілдердің қатысуы ұсынылады:

- аудан/қала/облыс әкімдері;
- бөлімдердің/білім басқармаларының басшылары;
- қамқоршылық кеңесінің мүшесі;
- I-сынып оқушысының ата-анасы/заңды өкілі.

Бірінші сынып оқушыларының ата-аналарының/заңды өкілдерінің бірінің іс-шараларға қатысуының маңыздылығына назар аударамыз.

2022 жылғы 1 қыркүйекте республиканың барлық жалпы білім беретін мектептерінде **«Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық»** тақырыбында бірыңғай сынып сағаты өткізіледі.

Сынып сағаты аясында адам өміріндегі құндылықтардың рөлін талқылауға басты назар аударылады.

Бірыңғай сынып сағатын өткізу кезінде кәсіби қызметінде елеулі жетістіктері бар, еңбексүйгіштік, білімге деген ұмтылыс және отаншылдық құндылықтарының жарқын көрінісі болып табылатын құрметті қонақтың қатысуы ұсынылады.

¹https://www.akorda.kz/ru/official_documents/constitutional_laws/o-gosudarstvennyh-simvolah-respubliki-kazakhstan-1

Бірыңғай сынып сағатының мақсаты: білім алушылармен бірге білімге ұмтылу, отаншылдық, еңбексүйгіштік құндылықтарының адам өміріндегі рөлін талқылау.

Міндеттері:

- білім алушыларға құндылықтар жөнінде жалпы ақпарат беру;
- білім алушылармен бірге құндылықтардың адам өміріндегі рөлін талқылау;
- отаншылдық, құрмет және азаматтық сана құндылықтарын дарыту;
- сыныптың жағымды микроклиматын және жаңа оқу жылына жағымды көңіл-күй қалыптастыру.

Ұсынылады:

- балалардың жазғы демалыстан алған әсерлерін, сондай-ақ жаңа оқу жылынан күтулерін талқылау;
- заманауи интерактивті технологияларды, қосымша көрнекі құралдарды қолдану, мұражай, кітапхана ресурстарын пайдалану.

Бірыңғай сынып сағатын өткізу кезінде білім алушылардың жас ерекшеліктері мен олардың дайындық деңгейі ескерілуі тиіс.

Білім күні білім алушылар, олардың ата-аналары мен педагогтері арасында әлеуметтік желілерде 1-2 минуттық бейнеролик орналастыру бойынша «**Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық**» республикалық онлайн-акциясын өткізу ұсынылады.

Бейнероликті орналастыру күні: 2022 жылғы 1 қыркүйек.

Әлеуметтік желілерде орналастыру уақыты: 17.00-21.00.

Хэштег: Bilim_kuni

Бейнероликке ұсынылатын тақырыптар:

- барлығы үшін «Менің мектебім-ең керемет мектеп!», «Сәлем, жаңа оқу жылы», «Маған мектеп формасы ұнайды!»;
- Бірінші сынып оқушыларына арналған «Менің мектептегі алғашқы күнім»;
- 2-4 сынып оқушыларына арналған «Менің жарқын жазғы оқиғаларым»;
- 5-8 сынып оқушылары үшін – «Менің саяхатым»;
- 9-11 сынып оқушылары үшін – «Менің үлкен сыныптастарым», «Менің ойларым, армандарым, үміттерім»;
- Ата-аналар, 1 сынып оқушылары үшін – «Біздің мектептегі бірінші күніміз», «Бірінші сынып-өмірдің жаңа кезеңі»;
- Сынып жетекшілері үшін – «Жаңа оқу жылы құтты болсын, менің сүйікті сыныбым!».

* Білім күніне арналған салтанатты іс-шаралардың және бірыңғай сынып сағаттарының материалдары білім беру ұйымдары және білім басқармаларының сайттарында орналастырылады.

Тұлғалық ерекшеліктерді қалыптастыру оқу бағдарламаларының мазмұны, оқу-тәрбие және оқудан тыс қызметті ұйымдастыру тәсілдері, тәрбие ортасының мүмкіндіктері арқылы, сондай-ақ барлық мүдделі тараптардың: отбасының, білім беру ұйымының, қоғамның кеңінен қатысуы арқылы іске асырылады.



Назар аударыңыз!

Буллинг/кибербуллингтің алдын алу бойынша әдістемелік ұсынымдар материалдары Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының сайтында орналастырылған (<https://uba.edu.kz/qaz>).

Сонымен бірге, білім беру ұйымдарында медиация қызметін енгізу мәселесі өзекті болып отыр, өйткені медитация сындарлы диалог және оңтайлы нәтижеге қол жеткізу тәсілі және дауларды шешудің жалғыз баламалы тәсілі болып табылады. Білім алушылар қатысатын медиация білім беру ұйымындағы тұлғааралық қақтығыстарды басқарудың тиімді әдісі бола алады. Мектеп медиациясы қызметінің жемісті жолға қойылған жұмысы мектепті қауіпсіз кеңістікке айналдырып қана қоймай, өскелең ұрпақтың әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыру бойынша маңызды тәрбиелік және профилактикалық міндеттерді шешуге мүмкіндік береді.



Назар аударыңыз!

Мектеп медиациясын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының сайтында орналастырылған (<https://uba.edu.kz/qaz>).

Мектептің жайлы кеңістігін жобалау білім алушылардың оқу процесіне қатысуына, академиялық жетістіктеріне, сабаққа қатысуына, мінез-құлық үлгілеріне, сондай-ақ балалардың әлеуметтік-эмоционалды әл-ауқатына айтарлықтай әсер етеді, өйткені олар өмірінің көп бөлігін мектеп қабырғасында өткізеді. Сонымен қатар, мұғалімдердің кабинеттері үшін кеңістіктер, сабақтан тыс уақытта мұғалімдердің жұмысы үшін бұрыштар ұйымдастыру арқылы мұғалімдердің әл-ауқаты үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету қажет.

Жарактандыру кезінде кабинеттер атрибутка сәйкес келмейтін артық ресімдеумен безендірілмеуі тиіс.

Жеке кабинетке есім беру кезінде білім беру ұйымдары белгілі бір ережелерді ұстанады, соған сәйкес:

✓ кабинетте заманауи жөндеу жұмыстарын жүргізіп, оны толық жабдықтаған мектеп түлегі / меценат / қоғам қайраткері немесе кабинет ашуға ниет білдірген кез келген адам кабинетке ат қоюға құқылы;

✓ кабинеттің салтанатты ашылуы өткізіледі және қабырғаға тақтайша бекітіледі.



Назар аударыңыз!

✓ *Үзілістер мектеп өмірінің ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл сабақтар арасындағы қысқа үзіліс, бұл білім алушылар мен мұғалімдерге басқа пәннің алдында демалып, күш алуға мүмкіндік береді. Үзілістер білім алушылардың әлеуметтік-эмоционалды әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін **еркін ойын** әрекетіне ықпал етуі керек.*

ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес жалпы білім беру ұйымдарының барлық түрінде білім алушылар үшін сабақтар арасындағы үзілістің ұзақтығы кемінде 5 минут, үлкен үзіліс (2-ші немесе 3-ші сабақтан кейін) 30 минутты құрайды. Бір үлкен үзілістің орнына екінші және төртінші сабақтан кейін әрқайсысы 15 минуттан екі үзіліс жасауға жол беріледі.

Үзілістерді таза ауаны барынша көп пайдаланып, қозғалыс ойындарымен өткізеді.

Ауысымдар арасында ылғалды жинау және желдету үшін ұзақтығы кемінде 40 минут үзіліс көзделеді.

Мектеп алды сыныптардағы сабақтардың барынша рұқсат етілген саны – ұзақтығы 25-30 минуттан төрт сабақтан аспайды. Сабақтар арасындағы үзілістер кемінде 10 минут болуы тиіс.

І-сыныпта оқушылар демалып, келесі сабаққа дайындалуы үшін мазмұнды демалыс пен физикалық минуттар үшін үзілістерді ұзарту ұсынылады.

Адамгершілік құндылықтар жүйесін қалыптастырудың бір жолы – кітап оқу. 2022-2023 оқу жылында кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру және оны қолдау, кітап мәртебесін («Кітап оқу – сән») арттыру мақсатында білім алушылар арасында «Оқуға құштар мектеп» жобасы жалғасады. Жобаның негізгі бағыттары өзара қарым-қатынас пен әлеуметтік әріптестік арқылы білім алушылардың оқу құзыреттілігін, оқу мәдениеті мен оқу белсенділігін арттыруды, оқу сауаттылығы бойынша халықаралық зерттеулерге қатысуын жалғастыруды, оқырмандар қауымдастығын қалыптастыруды, іс-шараларға ата-аналарды қатыстыруды көздейді.

Мектеп сайтында үздік балалар әдебиеті мен мектеп әдебиетіне арналған түрлі сервистер, балалар мен жасөспірімдердің кітап оқу үрдісін кеңейту бойынша ресурстар (интернет-викториналар, сервистік ұсынымдар, кітапханалар туралы ақпарат және т.б.) ұсынылуы тиіс. Әрбір мектепте және отбасында 20 минуттық кітап оқу ұйымдастырылады. Мектеп холдарында үлкен үзілістерде кітап оқуды ұйымдастыру үшін «Буккроссинг» бұрыштарын құру ұсынылады.

Кітаптарды электронды форматта, соның ішінде мобильді құрылғылардың көмегімен оқу мүмкіндіктерін кеңейтетін, балаларға әдебиетті таңдауда дұрыс бағдар алуына көмектесетін, кітап оқуға құмар балалар санын арттыратын жаңа электронды ресурстарды пайдалануға болады.

Сабақтан тыс қызметті ұйымдастыру

Мектептің тәрбие жүйесінде білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесінің іске асырылуын қамтамасыз ететін сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру үшін қолайлы жағдайлар жасау маңызды. Сабақтан тыс қызмет шеңберінде мынадай жобалар іске асырылуы мүмкін:

- 1) «Отбасы-орта мектеп»,
- 2) «Оқуға құштар мектеп»,
- 3) «Еңбек – елдің мұраты»,
- 4) «Ерте жастан экологиялық мәдениет»,
- 5) «Қоғамға қызмет»,
- 6) «Психологиялық қызмет және мектептегі татуласу қызметтерін ұйымдастыру»,

Осы жобаларды іске асыру білім алушылардың тәрбиелік, өмірлік кеңістігінің әлеуетін кеңейтуге, жеке тұлғаның өзекті қажеттіліктері мен қабілеттерін іске асыруға мүмкіндік береді. Жобаларды білім беру ұйымы білім алушылардың отбасыларымен, басқа да әлеуметтендіру нысандарымен – білім беру ұйымының әлеуметтік серіктестерімен тұрақты өзара іс-қимылда және тығыз ынтымақтастықта жүзеге асырылады.



Назар аударыңыз!

✓ Білім алушыларды тәрбиелеуге құндылықтық-бағытталған тәсілді іске асыру бағдарламасының материалдары Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының сайтында орналастырылған. (<https://uba.edu.kz/qaz>)

Қазіргі уақытта «Ұшқыр ой алаңы» дебаттық қозғалысы, мектеп парламенті, «Жас Ұлан», «Жас Қыран», «Жас Сарбаз» балалар қоғамдастығы оқудан тыс қызметті ұйымдастырудың табысты нысандары болып табылады.



Назар аударыңыз!

✓ Оқушылардың мектептегі өзін-өзі басқаруы білім беру процесін демократияландыруға ықпал етеді және білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының ажырамас бөлігі болуы керек.

✓ Дебаттың мақсаты-зияткерлік рөлдік ойын, білім беру технологиясы, ол бар білімді қолдана білуді қалыптастырады, функционалдық сауаттылықты дамытады және болашақта өзін-өзі сәтті жүзеге асырудың кепілі болады.

✓ 2022 жылғы 1 қыркүйектен бастап білім беру ұйымдары пікірсайыс клубтары мен мектептің өзін-өзі басқару клубтарын ашуы, оның ішінде мектептің аудандық, қалалық, облыстық деңгейлерінде пікірсайыс қозғалысының мектеп лигасын іске қосуы қажет.

✓ Білім беру ұйымдарында «Мектеп парламент» білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасы <https://www.ziyatker.org/schoolparliament> сайтында орналастырылған.

Сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастырудың құрамдас бөлігі жалпы мектептік іс-шаралар болып табылады. Жалпы мектептік іс-шаралардың идеялық-құндылық мазмұны білім алушылардың қажеттіліктеріне, мектептің ерекшеліктеріне, сондай-ақ мемлекеттік саясат қағидаттарына бағдарланады.

Түсінік хат

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА БІЛІМ БЕРУДІ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМДЫ ДАМУЫНДАҒЫ 2020-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ, ПАТРИОТТЫҚ, РУХАНИ-АДАМГЕРШЛІК ПЕН ДЕНЕ ДАМУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МАҚСАТЫНДА БІРЫҢҒАЙ ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕР МЕН ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕЛІП ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ.

Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, Тәрбиенің кешенді бағдарламасын, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, барлық үлгідегі, деңгейдегі және меншік түріндегі білім беру ұйымдарында оқу бағдарламалары мен оқулықтарды, тәрбие бағдарламаларын әзірлеуде Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері негіз болады.

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ БАРЛЫҚ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАР: ОТБАСЫ, БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫ, ҚОҒАМНЫҢ ЖАШПАЙ ҚАТЫСУЫМЕН КЕШЕНДІ ТҮРДЕ ӨТКІЗІЛЕДІ.

Орта білім беру ұйымдарында тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесідей құжаттарға сәйкес жүргізіледі:

- 1) «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі, 26 желтоқсан 2011 жыл;
- 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы;
- 5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы;
- 6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зиянды әрекеттерін азайту туралы» Қазақстан 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI Заңы;
- 7) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;
- 8) Білімді ұлт» «Сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысы;
- 9) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі №472 бұйрығы;
- 10) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы;
- 11) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы.

Тәрбие мақсаты: жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу. Өзін-өзі дамыту, оқушылардың жеке басының өзін-өзі анықтауы, олардың қоғамдағы сәтті әлеуметтенуі үшін жағдай жасау.

2022-2023 оқу жылындағы тәрбие міндеттері:

- 1) азаматтыққа және патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға қарсы кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу.
- 2) оқушылардың оқу іс-әрекетіне тұрақты ынтасын дамыту, білім беру мен өз бетінше білім алудың өмір мен қызмет үшін маңыздылығын ұғыну.
- 3) тұлғаның шығармашылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салуатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты, сыни ойлау мен функционалдық сауаттылықты, проблемаларды өз бетінше шешу қабілеттерін дамыту үшін жағдай жасау арқылы зияткерлікті байыту.
отандық және әлемдік мәдениет жетістіктеріне баулу; қазақ және басқа да этностар мен Қазақстанның этностық топтарының тарихын, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін зерделеу; мемлекеттік, орыс, шет тілдерін меңгеру.
- 4) елдің қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру.
- 5) тұлғаның экономикалық ойлауын және кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі жүзеге асыруға саналы көзқарасын; табиғатты сақтаудағы белсенді азаматтық ұстанымды; экологиялық сауаттылық пен мәдениетті дамыту.
- 6) тұлғаның экономикалық ойлауын және кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі жүзеге асыруға саналы көзқарасын; табиғатты сақтаудағы белсенді азаматтық ұстанымды; экологиялық сауаттылық пен мәдениетті дамыту.
- 7) әлеуметтік маңызы бар балалар, отбасы және ата-ана бастамаларын, балалар қоғамдық бірлестіктерінің қызметін дамыту және қолдау.
- 8) балаларды тәрбиелеуде жалпы және қосымша білім беру жүйесінің рөлін арттыру, сондай-ақ дене шынықтыру және спорт, мәдениет саласындағы ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыру.
- 9) балаларды тәрбиелеу саласындағы ғылыми зерттеулердің сапасын арттыру.
- 10) балалардың ақпараттық қауіпсіздік деңгейін арттыру.
- 11) Кәсіптік білім алу бойынша жұмыс істеу, «кәсіп» тобындағы балаларды мектеп өміріне, сыныпқа, үйірмелер, секциялар, шағын топтардың арасындағы құқық бұзушылық пен қалағалықшылықтың алдын алу және жасөспірімдер арасындағы нашакорлықтың алдын алу бойынша жұмыс істеу, «кәсіп» тобындағы балаларды мектеп өміріне, сыныпқа, үйірмелер, секциялар сабақтарына барынша тарту.
- 12) Оқу үрдісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамыту бағдарламасына сәйкес кенінен қолдану.

2022-2023 оқу жылына арналған мектептің тәрбие қызметінің басым бағыттары:

1. Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.
2. Рухани-адамгершілік тәрбие.
3. Ұлттық тәрбие.
4. Отбасылық тәрбие.
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Күтілетін нәтижелер:

- Түлектің патриот азамат ретіндегі моделі, білімді адам, еркін, мәдени, адамгершілік, өзін-өзі дамытуға қабілетті тұлға, әлеуметтік жетілу, өз іс-әрекеті үшін жауапкершілік, жеке тұлғаны сезіну, қоғамдық тану қажеттілігі, қажетті білім деңгейі. Оқушылар ұлттық құндылықтар туралы түсініктерін қалыптастырды.
- Оқушылар жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағытталған оқушылардың өзін-өзі басқарудың ұжымдық шығармашылық қызметіне белсенді қатысады.
- Тәрбие жұмысының жүйесін тақырыптық кезеңдерге батыру арқылы ұйымның арқасында барынша ашық, қисынды болды, мұндай жүйе тәрбие жұмысының әрбір бағытын іске асыруға бағдарланған.
- Оқушылардың ең көп саны қосымша білім беру жүйесіне енгізілген. Үйірмелерде сабақтарды ұйымдастыру адамның таным мен шығармашылыққа деген ынтасын дамытуға бағытталған.
- Сынып жетекшілерінің кәсіби шеберлігі мен өзін-өзі тәрбиелеуге деген ынтасы артты, соның арқасында сыныптардағы тәрбие жұмысының тиімділігі артты.
- Оқу процесінің тиімділігін бақылау жүйесі оқу процесінде болып жатқан өзгерістерді және оларды тудыратын факторларды уақтылы анықтауға және талдауға мүмкіндік береді.
- Ата-аналардың педагогикалық мәдениеті арттырылды, жұмыс жүйесі ата-аналардың шығармашылық әлеуетін ашуға, Отбасы дәстүрлері мысалында отбасылық тәрбиені жетілдіруге, бала тәрбиесіндегі отбасының рөлін күшейтуге ықпал етеді.

Іске асыру тетіктері:

- * Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, Тәрбиенің кешенді бағдарламасын, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, барлық үлгідегі, деңгейдегі және меншік түріндегі білім беру ұйымдарында оқу бағдарламалары мен оқулықтарды, тәрбие бағдарламаларын әзірлеуде Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері негіз болады.

№	Орындалатын жұмыстар	Орындау мерзімі	Жауаптылар	Аяқталу нысаны
1	2	3	4	5
I Ұйымдастыру іс-шаралары				
1	2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие жұмыстары бойынша жоспарын құру, бекіту	Тамыз, 2022 жыл	Ильясова А.А.	Жоспар
2	Сынып жетекшілерінің, педагог-психологтың, әлеуметтік педагогтың, мектеп кітапханасының, медбикенің жұмыс жоспарларын қарау, бағыт бағдар беру	Қыркүйек, 2022 жыл	Ильясова А.А.	Жоспар
3	Мектеп парламентінің, дебат қозғалысының, өзін-өзі басқару ұйымының, Республикалық бірінғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмыс жоспарларын құрып, бекіту	Қыркүйек, 2022 жыл	Ильясова А.А.	Жоспар, бұйрық
4	Үйірме жетекшілерінің, сынып жетекшілердің ӘБ жұмыс жоспарын бекіту	Қыркүйек, 2022 жыл	Ильясова А.А.	Жоспар, бұйрық
II Әдістемелік жұмыс				
	№1 Сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің отырысы	Қыркүйек, 2022 жыл	Ильясова А Куанышева Ж	Хаттама
	№2 Сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің отырысы	Қараша, 2022 жыл	Куанышева Ж	Хаттама
	«Үздік сынып жетекшісі» сайысы	Желтоқсан, 2022 жыл Сәуір, 2023 жыл	Ильясова А	Сайыс материалдары Әлеуметтік желілерге

					жариялым
	№3 Сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің отырысы	Қаңтар, 2023 жыл	Куанышева Ж		Хаттама
	«Балалар мен жасөспірімдердің демалысын, сауықтырылуын ұйымдастыру бағдарламасын күрудың жаңа әдістері» тақырыбындағы семинар	Сәуір, 2023 жыл	Ильясова А		Семинар материалдары
	№4 Сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің отырысы	Мамыр, 2023 жыл	Куанышева Ж		Хаттама
III Ата-аналармен атқарылатын іс-шаралар					
	Мектепшілік ата-аналар жиналысы	Токсанына 1 рет	Мектеп әкімшілігі Сынып жетекшілер		Хаттама
	Ата-аналармен өткізілетін іс-шаралар	Жоспар бойынша	Сынып жетекшілер		Мәлімет



КАЗАН – Алаш азаматтарын ұлықтау айы

1 қазан – Мұғалімдер күні, Қарттар күні;

> А.Байтұрсыновтың 150 жылдығы;

> Р.Бағланованың 100 жылдығы

№	Тәрбие жұмысының бағыты мен жобалар	Іс-шара атауы	Аяқтау нысаны	Жауапты	Орындау мерзімі
1	<p>ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫЛЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚУҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ</p> <p>«Психологиялық қызмет және мектептегі татуластыруды ұйымдастыру» жобасы «Рухани жанғыру» бағдарламасы</p>	«Бала құқығын қорғаймыз»	Профилактикалық шаралар	А.Ильсова Р.Ермекова	Ай бойы
2		«Мемлекеттік рәміздерді құрметтеу – азаматтық парыз»	Сынып сағаттары	Сынып жетекшілер интернат тәрбиешілері	
3	<p>РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ</p>	«Ұстаз деген жарқын күні ғаламың»	Мерекелік кеш	Кудасов Т Кабылбаева К Калиева А	
4		«Ұлылықтың басында ұстаз тұрар!»	Сынып сағаты	Сынып жетекшілер интернат тәрбиешілері	
5		Іқазан - Қарттар күніне арналған «Ұстаз-ардагерлерге ашық хат!»	Қайырымдылық акциясы	Тәлімгер интернат тәрбиешілері	
6		«Дін. қоғам. жастар»	Кездесу	Шаудыров С	
7		«Толеранттылық-бейбітшілік кепілі»	Әссе жазу	интернат тәрбиешілері	
8		«Дәстүрлі әндер» (Роза Бағланованың 100 жылдығына орай)	Әуенді кеш	Сексенбай Н	
9	<p>ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ</p> <p>«Рухани жанғыру» бағдарламасы</p>	«Ахмет сөз көсемі» (А. Байтұрсыновтың 150 жылдығына	Тәрбие сағаты	Сынып жетекшілер интернат	

10		орай) «Күз мезгілі»		өлеңдер байқауы	тәрбиешілері Абиялғаева Р
11	ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ «Отбасы-орта мектеп» жобасы «Оқуға құштар мектеп» жобасы	«Бір отбасы – бір кітап»		Сурет, бейне түсірілім байқауы	Умарова А.Б
12		«Әкем айтқан нақыл сөз...»		«Айтарым бар...» ток-шоу	Сынып жетекшілер
13	ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ «Ерте жастан экологиялық мәдениет» жобасы «Үнем — қоғам қуаты»	«Бау-бақша ғажайыптары		Көрме	А.Калиева интернат тәрбиешілері
14		Мамандықтар әлемінде		Форум	9,11 сынып жетекшілері
15		«Әкосән немесе коқыстың екінші өмірі»		Практикалық сабақтар	1-4 Сынып жетекшілер
16	Зияткерлік тәрбие, Ақпараттық	«Бала еңбегі»		Дебат	А.Ақмурина
17	Мәдениет тәрбиесі «Оқуға құштар мектеп» жобасы	«Біздің сыныптың кітапханасы» «Үзілесте кітап оқию»		Кітап бұрышын ашу	Сынып жетекшілер интернат тәрбиешілері
18		«Мектеп тарихы туралы не білемін?»		Сауалнама	А. Умарова
19	Көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбиесі	«Отбасылық мұражай»		Бейне ролик	Сынып жетекшілер
20	«Отбасы-орта мектеп» жобасы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы	«Туған жерімнің шырайлы жерлері»		Тарихи-зерттеу жобасы	Асабаева Н
21	Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты	«Менің жарқын әлемім»		Кұжық қорғау өкілдерімен кездесу (ер балалар)	А.Ильясова Р.Ермекова
22		«Жаман әдеттен аулақ бол!»		Дәріс сабақ	Джигитова А



ҚАРАША

- **Қараша-Ұлттық валюта күні;**
- **Күзгі демалыс.**
- **11 қараша Балалар құқығын қорғау күні**
- **Қазыбек бидің 355 жылдығы**

№	Тәрбие жұмысының бағыты мен жобалар	Іс-шара атауы	Аяқтау нысаны	Жауапты	Орындау мерзімі
1	ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫЛЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ	«Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ»	оқундік	А.Ильсова Сынып жетекшілер интернат тәрбиешілері	
2		«Экстремизм мен терроризмге жол жоқ!»	Апталық	Шаудыров С Класс жетекшілер интернат тәрбиешілері	
3		«Тәуелсіздіктің нұры-тұңғыш ЕЛБАСЫ»	Тәрбие сағаты	Сынып жетекшілер интернат тәрбиешілері	
4		«Тәуелсіздікке жол-азаматтыққа және патриотизмге тәрбиелеу»	сынып сағаттары	Сынып жетекшілер интернат тәрбиешілері	
5	РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ «Оқуға құштар мектеп» жобасы	15 қараша-Ұлттық валюта күні «Теңге – Тәуелсіздік келбеті» «Ұлттық валютамыз – тәуелсіздігіміздің көрсеткіші» «Ертегілер әлемінде» «Менің сүйікті кітабым»	Сынып сағаттары	Сынып жетекшілер интернат тәрбиешілері	
6			Рөлдік ойындар	МАД, 1-2 сынып жетекшілері	
7			Бейне түсірілім	интернат тәрбиешілері	
8	ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ «Рухани жаңғыру» бағдарламасы	«Тура биде туған жоқ» Қазыбек бидің 355 жылдығы	Көрме	А.Б. Умарова	
9		«Ұлттық тәрбие – құндылық бастауы»	Үздік ЭССЕ конкурсы	А.Ж. Умарова	
10	ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ	«Тоғызқұмалақ-дау»	Отбасылық турир	Кудасов Т	
11	«Еңбек – елдің мұраты» жобасы, «Отбасы-орта мектеп» жобасы	«Бір күн ата-ана жұмысында»	Саяхат сабақ	10-11 сынып жетекшілері	
12	ЕҢБЕК,	«Адал еңбек бейнесі»	Сурет конкурсы	Тәлімгер	

13	ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ «Еңбек – елдің мұраты» жобасы, «Үнем — қоғам қуаты» жобасы	Су мен электр энергиясын үнемдеуге бағытталған «Үнемділік инноваторы»	Жарнамалық жұмыстар конкурсы		
14	ЗИЯТКЕРЛІК ТӘРБИЕ, АҚПАРАТТЫҚ	Мектепте, үзілісте... «Ақын жазушылардың өлеңдерін оқу»	Бірінші оқу сағаты	А.Б. Умарова	
15	МӘДЕНИЕТ ТӘРБИЕСІ «Оқуға күштар мектеп» жобасы	А.Байтұрсыновтың -150 жылдығы «Ұлы даланың ұландары»	Зияткерлік ойын	А.Ж. Умарова	
16	КӨПМӘДЕННЕТТІК ЖӘНЕ КӨРКЕМ-ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕСІ	«Жайдарман»	сайыс	Калиева А. тәлімгер	
17	ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ	«Шахмат-дау» (Рәміздерге -30 жыл) «Әлемді бағындырған отандастарымыз» «Дұрыс тамақтану-болашақ ұлт денсаулығын сақтау»	Отбасылық турнир	Кудасов Т	
18			Кездесу	Кудасов Т	
19			Тәрбие сағаты	интернат тәрбиешілері сынып жетекшілер	

ЖЕЛТОКСАН – «Тәуелсіздік –орындалған арман. Қазақстан жолы»

- 1 желтоқсан - ҚР Тұңғыш Президенті күні;
- 1 желтоқсан - Халықаралық ЖИТС-ке қарсы күрес күні;



№	Тәрбие жұмысының бағыты мен жобалар	Іс-шара атауы	Аяқтау нысаны	Жауапты	Орындау мерзімі
1	ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫЛЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚУҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ	«Тәуелсіздіктің қадамы»	Конференция	Тарих пәнінің мұғалімдері	
2	ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫЛЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚУҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ	«Тәуелсіздік –орындалған арман. Қазақстан жолы»	Мерекелік кеш апталық	А.Ильсова А.Калиева Сынып жетекшілер	
3	ҚУҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ	Оқушыларды «Жас Ұлан» «Жас қыран» қатарына қабылдау	Саптық жиын	Тәлімгер	
4	РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ	«Тәуелсіздіктің ұлы рухы-желтоқсан»	сурет көрмесі	А.Калиева Б.Буркітов	
5	«Оқуға құштар мектеп» жобасы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы	«Жыр жазамын жүрегіммен»	Эссе жазу	Абильтаева Р	
6	ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ	«Мәңгілік Елдің мызғымас 7 негізі»	пікірталас	А.Ақмурзина	
7	ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ «Отбасы-орта мектеп» жобасы	«Отбасы- алтын дінгеу»	Дөңгелек үстел	Сынып жетекшілер интернат тәрбиешілері	
8	ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ	«Жылыжайға саяхат»	Саяхат сабақ	Калиев Ж	
9	ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ	«Қар етегісі-2022»	Мүсін жасау	А.Калиева Тәлімгер	
10	«Ерте жастан экологиялық мәдениет» жобасы	«Үздік қолөнер-2022»	Шеберлік сабақтары	Жұмағұлова А	
11	Зияткерлік тәрбие, Ақпараттық мәдениет тәрбиесі	«Қош келдің Жана Жыл»	Мерекелік іс-шара	Сынып жетекшілер интернат тәрбиешілері	
12	Зияткерлік тәрбие, Ақпараттық мәдениет тәрбиесі	«Ең үздік жана жылдық тілек»	Бейне ролик	Сынып жетекшілер интернат	

13	ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ	«ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес»	Апталық	Сынып жетекшілер интернат тәрбиешілері	тәрбиешілері
14		«Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын!» (Үздік спортшыны анықтау)	Спорттық сайыстар	Кудасов Т	



ҚАҢТАР АЙЫ

➤ ҚЫСҚЫ ДЕМАЛЫС.

№	Тәрбие жұмысының бағыты мен жобалар	Іс-шара атауы	Аяқтау нысаны	Жауапты	Орындау мерзімі
1	ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫЛЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ «Психологиялық қызмет және мектептегі татуласу қызметтерін ұйымдастыру» жобасы	«Жемқорлықсыз өмір-ұлт болшағының кепілі» «Кибербулингке жол жоқ»	Апталық Құқық қорғау органдарымен кездесу	А.Ильсова Сынып жетекшілер интернат тәрбиешілері А.Ильсова Л.Саукебаева	
2	РУХАНИ – АДАМГЕРІШЛІК ТӘРБИЕ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ «Отбасы-орта мектеп» жобасы	«Қамқорлық» акциясы «Біз әлемді мейірімділікке шақырамыз» «Ұлттық тағамдар» «Отбасылық таланттар»	Акция Рөлдік ойындар Шеберлік сабағы Байқау	Қуанышева Ж Сынып жетекшілер Жұмағұлова А Қалиева А Сынып жетекшілер интернат тәрбиешілері	
3	ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ «Отбасы-орта мектеп» жобасы, «Еңбек – елдің мұраты» жобасы	«Бір күн ата-ана жұмысында»	Саяхат сабақ	11 класс жетекшілері	
4	ЗНИЯТКЕРЛІК ТӘРБИЕ, АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ТӘРБИЕСІ «Оқуға күштар мектеп» жобасы	«Біз оқыдық, ал сіздер...?» «Мұхтар Әуезовтың шығармалары»	Жылжымалы кітапхана Дөңгелек үстел	А.Б.Умарова А.Ж.Умарова	
5	КӨПМӘДЕННЕТТІК ЖӘНЕ КӨРКЕМ-ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕСІ «Психологиялық қызмет және мектептегі татуласу	«Оқушы мен ұстаз мәдениеті» «Аспаптар-рухани қазына»	Дөңгелек үстел Мұражайға саяхат	интернат тәрбиешілері Сынып жетекшілер	

	<p>қызметтерін ұйымдастыру» жобасы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы</p> <p>ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ</p>	<p>«Қызықты қыс»</p> <p>«Шылымға шегуге қарсымыз»</p>	<p>Спорттық ойындар акция</p>	<p>Кудасов Т тәлімгер</p>	
12					
13					



АҚПАН АЙЫ

№	Тәрбие жұмысының бағыты мен жобалар	Іс-шара атауы	Аяқтау нысаны	Жауапты	Орындау мерзімі
1	ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫЛЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ	«Балалар қылмысы:ұрлық пен бопсалау»	Тәрбие сағаты	Сынып жетекшілер интернат тәрбиешілері	
2	ТӘРБИЕЛЕУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ	«Батырлық – үлкен жүректе»	Тәрбие сағаты	Сынып жетекшілер интернат тәрбиешілері	
3	«Психологиялық қызмет және мектептегі татуласу қызметтерін ұйымдастыру»	«Құқықтық сауаттылық - заман талабы»	Әңгіме - сұхбат	тәлімгер	
4	РУХАНИ –АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ	«Жұлдызды сәт» салт-дәстүрдің ең үздік білгірі	Сайыс	А.Ж.Умарова	
5	ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ	«Діни экстремизм – бейбітшілік пен тұрақтылыққа төнген қауіп»	Ақпараттық сағат	С.Шаудыров	
6		«Ертегілер еліне саяхат»	қойылым	ШО тәрбиешілері	
7		«Өнерлі ұландар»	сайыс	тәлімгер	
8		«Қарты бар ел-қазыналы ел»	Дөңгелек үстел	Сынып жетекшілер	
9	ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ	«Бакытты отбасы-зорлық зомбылықсыз әлем»	Әңгіме, кеңес	Н.Асабасва А.Калиева	
10	ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ	«Ізденіс,еңбек,талпыныс-жетістік кілті	Мамандықтар жәрмеңкесі	9,11 сынып жетекшілері	
11	«Еңбек – елдің мұраты»жобасы	Мен өскенде кім боламын?	жоба	бастауыш класс жетекшілері	
12	ЗИЯТКЕРЛІК ТӘРБИЕ, АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ТӘРБИЕСІ	«Өзіңді тану-өмірді тану»	Пікірталас	Мектеп психологтары	
13	КОПМӘДЕНИЕТТІК ЖӘНЕ КӨРКЕМ-ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕСІ	«IT – келешегі кемел сала»	Әңгіме-сұхбат	Имандосова А	
14	«Рухани жанғыру» бағдарламасы	«Адам бойында бәрі де әдемі,сұлу болуға тиіс»	Қыздар кеңесі	А.Калиева	
15	«Рухани жанғыру» бағдарламасы	«Ұмыт болған ұлттық мұра»	Мұражайға саяхат сабақ	Сынып жетекшілер	
16	ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ,	«Ата-анам және мен»	Отбасылық сайыс	Кудасов Т	
17	САЛУАТТЫ ӨМІР	«Денсаулық – ең басты қажеттілік»	Ойталқы	Джигитова А	

НАУРЫЗ -«Қазақстанның ұлттық дәстүрлері мен мәдениеті»



- 1 наурыз – Алемс айту күні
- 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні
- 22 наурыз - Наурыз мейрамы
- 27 наурыз - Дүниежүзілік театр күні

№	Тәрбие жұмысының бағыты мен жобалар	Іс-шара атауы	Аяқтау нысаны	Жауапты	Орындау мерзімі
1	ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫЛЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚУҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ	«Мемлекеттік қызмет – елдің мүддесіне адал еңбек»	Эссе конкурсы	А.Ж.Умарова	
2		«Үміт сәулесі» акция	акция	Тажибаева А	
3	РУХАНИ –АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ «Рухани жаңғыру» бағдарламасы	1 наурыз – Алғыс айту күні «Алғыс – бұл ...»	Тәрбие сағаты	Сынып жетекшілер Интернат тәрбиешілері	
4		«Амал мерекесі»	Тәрбие сағаты	Сынып жетекшілер Интернат тәрбиешілері	
5	ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ «Отбасы-орта мектеп» жобасы	«Алғысымды білдіремін»	Мерекелік құттықтау	Тажибаева А	
6		«Наурыз-бірліктің, еңбектің, татулықтың, ізгіліктің мерекесі» мерекелік іс-шара	Мерекелік Концерт	А.Ильясова Тажибаева А Калиева А	
7		«Наурызым – күт берекем!»	ашық тәрбие сағаттары	Сынып жетекшілер	
8		«Бұрымды ару-2023»	сайыс	Калиева А Тажибаева А	
9	ЕНБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ «Еңбек – елдің мұраты» жобасы, «Үнем — қоғам қуаты» жобасы	«Анама хат»	Акция	Сынып жетекшілер	
10		«Атадан-өсиет, анадан-қасиет» (тыйым сөздердің мағынасы)	Зияткерлік ойындар	А.Ж.Умарова	
11	ЕНБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ «Еңбек – елдің мұраты» жобасы, «Үнем — қоғам қуаты» жобасы	«Мамандықтар әлемін ашамыз»	Форум		
12		«Менің қалғым: бүгін және ертең»	Жас блогерлерге арналған конкурсы «Сурет» номинациясы		
13		«Халқымыздың батыр қыздары туралы»	Онлайн –		



№	Тәрбие жұмысының бағыты мен жобалар	Іс-шара атауы	Аяқтау нысаны	Жауапты	Орындау мерзімі
1	ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫЛЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚУҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ	12 сәуір- Ғарышкерлер күніне орай «Ғарыштағы алғашқы адам атты іс-шаралар «Адам болам десеңіз...»	дөңгелек үстел, тәрбие сағаттары	Сынып жетекшілер Интернат тәрбиешілері А.Ильясова	
2		«Қауіпсіз интернет»	Күжық қорғау органы өкілдерімен кездесу	Имандосова А Есбосынова Г	
3		«Бірлігіміз жарасқан	Апталық	Тажибасва А Калиева А	
4	РУХАНИ –АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ	«Береке бастауы-бірлік пен татулық»	Мерекелік кеш	Сынып жетекшілер Интернат тәрбиешілері	
5		«Қазақстан- достық мекені » «Ұмыт болған ұлттық тағамдар»	Сурет көрмесі Бейне түсірілім	Бүркітов Б Сынып жетекшілер Интернат тәрбиешілері	
6	ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ	«Достарыммен бірге өткізген қуанышты күндерім!» «Екі жұлдыз» отбасылық ән байқауы	Бейне көрсетілім	Интернат тәрбиешілері	
7		«Менің қалам –таза мекен » «Барлық жағынан жетістікке жетудің сыры неде?»	Байқау	Тажибасва А Калиева А Сексенбай Н	
8	ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ		сенбілік	Сынып жетекшілер	
9			Дебат	А.Акмурзина	
11	ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ				
12	«Ерте жастан экологиялық мәдениет» жобасы, «Еңбек – елдің мұраты» жобасы				
13	Зияткерлік тәрбие, Ақпараттық мәдениет тәрбиесі	«Таза ауада кітап оқнық»	«TEDx» жобасы	А.Б.Умарова	
14	«Оқуға құштар мектеп» жобасы	«Жайларман-2023 »	сайыс	«Жас Ұлан» ұйымы	
15	КӨПМӘДЕНИЕТТІК ЖӘНЕ	«Шеберлер қаласы: ата-	Өлкетану сәндік-	Калиев Ж	

	КӨРКЕМ-ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБЕСІ «Рухани жаңғыру» бағдарламасы	бабаларымыздың мұрасын сақтаймыз және көбейтеміз»	қолданбалы шығармашылығы	Жұмағұлова А	
16		«Біз және ғарыш»	сурет байқауы	Бүркітов Б	
17	ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ	7 сәуір –Дүниежүзілік Денсаулық күніне орай «Дені сау ұрпақ-ел болашағы»	Мамандармен кездесуі	Джигитова А	
18		«Тітімді әрі пайдалы тамақтану негізі»	Қойылымдар байқауы	Сынып жетекшілер Интернат тәрбиешілері А.Ильасова Джигитова А	
20		«Төтенше жағдайлардың алдын алайық»	Ақпарат сабағы		

МАМЫР – «Ұлттық бірлік, бейбітшілік және тұрақтылық»



- 1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні
- 7 мамыр-Отан қорғаушылар күні
- 9 мамыр-Жеңіс күні
- 31 мамыр-Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні

№	Тәрбие жұмысының бағыты мен жобалар	Іс-шара атауы	Аяқтау нысаны	Жауапты	Орындау мерзімі
1	ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫЛЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚУҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ	«Жас сарбаздар шеруі»	Саптық шеру	Демесінов Е	
2		Ұлы Жеңіс мерекесіне арналған «Патриот» апталығы	Апталық	Ильясова А Сынып жетекшілер	
3	РУХАНИ –АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ	"Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ-сенің жарқын өмірің"	түсіндіру жұмыстары	Ильясова А	
4		«Тағдырының кілті -өз қолыңда!»	Үздіктегі тренинг	Мектеп психологтары	
5	ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ	«Ұранды елдің ұрпағы қайсар»	Патриоттық әндер сайысы	Қалиева А Тажимаева А Сексенбай Н	
6		«Тарихтан тағалым- өткенге тағзым» /31 мамыр – саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні /	Тәрбие сағаты	Сынып жетекшілер	
7	ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ	"Бірлігіміз жарасқан".	әр ұлт өкілдерінің шығармаларынан байқау	А.Абылғаева	
8		«Оқымандар отбасы»	Байқау	А.Б. Умарова	
9	«Отбасы-орта мектеп» жобасы «Оқуға құштар мектеп»жобасы	«Отбасым-шағын мемлекетім»	Апталық	А.Ильясова Сынып жетекшілер Интернат тәрбиешілері	
10	ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ	«Кәсіптік бағдар беру жұмыстары»	Пікірталас	А.Ақмурзина	
11		«Ерте жастан экологиялық мәдениет» жобасы «Еңбек – елдің мұраты» жобасы	Түлектер саябағы	Көшет отырғызу	Тажимаева А
12	Зияткерлік Тәрбие,	«Қазақстан кеше және бүгін»	Жобалар байқауы	А.Ж. Умарова	

	АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ТӘРБИЕСІ				
13	КОШМӘДЕННЕТТІК ЖӘНЕ КӨРКЕМ-ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕСІ		Мерекелік концерт		
14		«Сынғырла, соңғы қонырау-2023» «Қош бол, алтын ұя, мектебім» (мектеп тұлғаларының аттестат алу кеші)	Салтанатты жиын	А. Ильясова	
15	ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ	«Жаз мезгіліндегі қауіпсіздік ережесі мен жүріс-тұрыс қағидалары»	Танымдық сабақ	Сынып жетекшілері	